

Бөрлі ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 17-17 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қазандағы № 7-6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 16.10.2023 № 7-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің 1 - қосымшасына сәйкес Бөрлі ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес Бөрлі ауданының аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы бекітілсін.

3. Бөрлі аудандық мәслихатының "Бөрлі ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидасын бекіту туралы" 2014 жылғы 27 ақпандағы №18-6 (Нормативтік құқықтық актлерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №78412 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

К.Ермекбаев

Бөрлі аудандық мәслихатының
2022 жылғы 29 сәуірдегі 17-17
шешіміне 1-қосымша

Бөрлі ауданының аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі туралы қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және Бөрлі ауданының аумағында ауыл, кент, ауылдық округ, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының жергілікті қоғамдастығының бөлек жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны – ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін өкілдерді сайлауға тікелей қатысуы.

2-тaraу. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарын өткізудің тәртібі

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын өткізу үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағы участеклерге (ауылдар, шағын аудандар, көшелер, көппәтерлі тұрғын үйлер) бөлінеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарында жергілікті қоғамдастық жиыннына қатысу үшін саны үш адамнан аспайтын өкілдер сайланады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Ақсай қаласының әкімі, ауылдық округтің әкімі шақырады және ұйымдастырады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың халқына жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиындарының шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы Ақсай қаласының әкімі, ауылдық округтің әкімі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары, жергілікті атқарушы органдардың ресми интернет ресурстары арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей хабарлайды.

7. Ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиыннын өткізуді Ақсай қаласының әкімі, ауылдық округ әкімі ұйымдастырады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

8. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының ашылуы алдында тиісті ауылдың, шағын ауданының, көшениң, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысын отырған, оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

9. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын Ақсай қаласының әкімі, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Ақсай қаласының әкімі, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жергілікті қоғамдастық жиынының төрағасы болып табылады.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынының хаттамасын ресімдеу үшін ашық дауыс берумен хатшы сайланады.

10. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Бөрлі ауданының мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жергілікті қоғамдастық жиынына қатысушылар ұсынады.

11. Дауыс беру ашық тәсілмен әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі . Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынына қатысушылардың ең көп даусын жинаған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

12. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және ол тиісті Ақсай қаласы әкімінің аппаратына, ауылдық округ әкімінің аппаратына беріледі.

Бөрлі аудандық мәслихатының
2022 жылғы 29 сәуірдегі №17-17
шешіміне 2-қосымша

Бөрлі ауданының Ақсай қаласы және ауылдық округтері аумағындағы жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін қала мен ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы

1. Бөрлі ауданы Ақсай қаласының тұрғындары үшін 31 өкіл, оның ішінде:
Ақсай қаласы – 31 өкіл.

2. Бөрлі ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің тұрғындары үшін 15 өкіл, оның ішінде:

Ақбұлақ ауылы – 15 өкіл.

3. Бөрлі ауданы Ақсу ауылдық округінің тұрғындары үшін 14 өкіл, оның ішінде:

Ақсу ауылы – 11 өкіл;

Жаңақоңыс ауылы - 3 өкіл.

4. Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округінің тұрғындары үшін 25 өкіл, оның ішінде:

Бөрлі ауылы – 23 өкіл;

Масайтөбе ауылы - 2 өкіл.

5. Бөрлі ауданы Бумакөл ауылдық округінің тұрғындары үшін 11 өкіл, оның ішінде:

Бумакөл ауылы – 6 өкіл;

Облавка ауылы - 4 өкіл;

Утвинка ауылы – 1 өкіл.

6. Бөрлі ауданы Достық ауылдық округінің тұрғындары үшін 13 өкіл, оның ішінде:

Достық ауылы – 13 өкіл.

7. Бөрлі ауданы Жарсуат ауылдық округінің тұрғындары үшін 21 өкіл, оның ішінде:

Жарсуат ауылы -17 өкіл;

Димитрово ауылы- 2 өкіл;

Қарашиғанақ ауылы- 2 өкіл.

8. Бөрлі ауданы Канай ауылдық округінің тұрғындары үшін 9 өкіл, оның ішінде:

Канай ауылы - 7 өкіл;

Дәнилекөл - 2 өкіл.

9. Бөрлі ауданы Кентүбек ауылдық округінің тұрғындары үшін 16 өкіл, оның ішінде:

Кентүбек ауылы - 14 өкіл;

Бақтыарал ауылы – 2 өкіл.

10. Бөрлі ауданы Қарағанды ауылдық ауылдық округінің тұрғындары үшін 15 өкіл, оның ішінде;

Қарағанды ауылы -15 өкіл.

11. Бөрлі ауданы Каракұдық ауылдық округінің тұрғындары үшін 7 өкіл, оның ішінде:

Қаракұдық ауылы –7 өкіл.

12. Бөрлі ауданы Приурал ауылдық округінің тұрғындары үшін 11 өкіл, оның ішінде:

Приурал ауылы –11 өкіл.

13. Бөрлі ауданы Пугачев ауылдық округінің тұрғындары үшін 19 өкіл, оның ішінде:

Пугачев ауылы –17 өкіл;

Бесағаш ауылы - 1 өкіл;

Пепел ауылы – 1 өкіл.

14. Бөрлі ауданы Успен ауылдық округінің тұрғындары үшін 18 өкіл, оның ішінде:

Успен ауылы –11 өкіл;

Жаңаталап ауылы -5 өкіл;
Қаракемер ауылы – 2 өкіл.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШІЖКРМК